

Филиалдардың дебиторлық берешек есебі

- Дебиторлық берешек-сатып алушылардың немесе тапсырыс берушілердің шаруашылық жүргізуші субъект алдындағы өткізілген тауар (жұмыс, көрсетілген қызмет) үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері. Ол ағымдағы және ағымдағы емес болып бөлінеді. Дебиторлық берешек үш топқа бөлінеді: алынуға тиісті шоттар, алынған вексельдер және басқалар.
- Алынуға тиісті шоттарға: ақшалай қаражатқа, тауарға, көрсетілген қызметке және субъектілердің ақшалай емес активтеріне деген тілек-талаптары кіреді. Дебиторлық берешек ағымдағы және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

- Күмәнді талаптар – ҚР-ң заңды және жеке кәсіпкерлері – резиденттеріне, сондай-ақ ҚР-да тұрақты мекеме арқылы іс-әрекет жасайтын заңды тұлғалар- резидент еместерге тауар өткізу, жұмыс орындау, қызмет көрсету нәтижесінде пайда болған және талап пайда болған сәттен бастағанда үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар; сонымен қатар өткізілген тауарлар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызметтер бойынша пайда болған және ҚР-ң заңдарына сәйкес салық төлеуші- дебиторды банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған талаптар да күмәнді деп танылады.

- Міндеттеме – бұл бір тұлғаның нақты әрекетпен басқа тұлғаның пайдасын көздейтін істі орындау борышы немесе міндеті.
- Міндеттеме — өткен кезең оқиғасынан пайда болған субъектінің берешегі. Бұл берешекті реттеу экономикалық пайдасы мол ресурстар ағынына әкеп соғады.
- Міндеттеме сомасы болашақтағы барлық ақшалай төлемдердің ағымдағы құны ретінде өлшенеді.

- Міндеттемелерді реттеу мынадай тәсілдермен іс-жүзіне асырылады:
- — ақшалай қаражат төлеу;
- — активтерді табыстау;
- — қызмет ұсыну;
- — міндеттемені басқа міндеттемемен ауыстыру;
- — міндеттемені капиталға аудару.

- Банк қарызы – бұл банктің клиентке соманы белгілі бір мерзімге сыйақы төлеумен ұсынуы және бөлісуі.
- Банктен тыс мекемелерден қарыз алу — «қарыз беруші» жақ «қарыз алушы» жаққа белгілі бір кезеңде қайтару шартымен ақша немесе материалдық қорды келісімшарт бойынша қарызға береді.
- Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу.
- Жабдықтаушылар мен мердігерлерге шикізат, материал және тауарлы-материалдық қорды жеткізушілер жатады, сондай-ақ әр түрлі қызмет түрлерін көрсетушілер және әр қилы жұмыс орындаушылар жабдықтаушылар мен мердігерлер болып табылады.